



ПРИКАЗ

030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Ақжар 2, Қ.Мұхамедханов 20
8 (7132) 45-81-90

030018, Актобинская область, город Актобе,
Ақжар 2, К.Мухамедханова 20 тел/факс:
тел/факс: 8 (7132) 45-81-90

« 31 » тамыз 2021 ж

№ 133

2021-2022 оқу жылының сабақ кестесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидалары»ның 15 тармағы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 5 тарауының 71-75 тармақтары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақтар режимі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалатындығы қатаң ескере отырып дайындалсын.

1.1. Аталған қағидадың талаптарын ескере отырып, 2021-2022 оқу жылындағы 1-11 кластар сабақ кестесін құрған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілуге тиіс және осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі, жалпы білім беретін ұйымдардағы оқу жүктемесінің нормалары осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес болу керектігін ескерілсін.

1.2. Сабақ кестесі міндетті және вариативтік сабақтар үшін жеке жасалып, вариативтік вариативтік вариативтік вариативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарлансын.

1.3. 2021-2022 оқу жылының сабақ кестесі, вариативтік сабақтар, үйірмелер, элективті курстар, мектепке дейінгі сыныптар сабақ кестелері ата-аналар комитетінің және қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісіліп, мектеп басшысымен бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Ш.Оралбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры

Қ.Ешмағамбетова

Таныстым:
А.Ш.Оралбаева

